



СТУДЕНТТІК БЕЛСЕНДІЛІКТЕН АЗАМАТТЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚҚА: БАИСБЕКОВ САНЖАРДЫҢ «UNION» ҰЙЫМЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК ТӘЖІРИБЕСІ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы,

*Есенев университеті, «Тарих және және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр*

Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: alpakon02092000@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Yessenov University жанындағы «Union» Жоғарғы студенттік кеңесінің студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамытудағы рөлі қарастырылады. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде 2023 – 2025 жылдары ұйымға жетекшілік еткен Тарих-23-1 оқу тобының студенті Баисбеков Санжар Муратовичтің қоғамдық және ұйымдастырушылық қызметі талданады. Автор оның президенттік кезеңіндегі студенттік клубтардың ашылуы, әлеуметтік және мәдени жобалардың жүзеге асырылуы, жастардың қоғамдық белсенділігінің артуы сияқты нәтижелерге ғылыми тұрғыда баға береді. Сонымен қатар Баисбеков Санжардың студенттік көшбасшылықтан азаматтық белсенділік деңгейіне дейін қалыптасқан тұлғалық келбеті айқындалады. Зерттеу нәтижесінде «Union» ұйымының университеттегі студенттік бастамаларды қолдайтын маңызды әлеуметтік институтқа айналғаны анықталды.

Түйін сөздер: студенттік өзін-өзі басқару, жастар көшбасшылығы, студенттік ұйым, қоғамдық белсенділік, студенттік клубтар, академиялық ұтқырлық, университет

Кіріспе. Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыру, олардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту және қоғамдық бастамаларға тарту мәселесі ерекше маңызға ие. Университет тек білім беретін орта ғана емес, сонымен қатар жастардың азаматтық ұстанымы мен тұлғалық қасиеттері қалыптасатын әлеуметтік кеңістік болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының қызметі жоғары оқу орындарының қоғамдық-мәдени өмірінде маңызды орын алады.

Yessenov University жанындағы «Union» Жоғарғы студенттік кеңесі 2019 жылы студенттердің бастамаларын қолдау, олардың мүдделерін қорғау және университеттегі қоғамдық белсенділікті дамыту мақсатында құрылды. Ұйым құрылған уақыттан бері университеттегі белсенді жастар қозғалысының негізгі орталықтарының біріне айналып келеді.

Негізгі бөлім. «Union» Жоғарғы студенттік кеңесінің қалыптасуында әр кезеңдегі президенттердің үлесі ерекше болды. Ұйымның алғашқы президенті Нұртасұлы Бүркіттің жетекшілігімен ұйымның құрылымдық негіздері қалыптастырылды. Кейінгі жылдары Жұмажан Диас, Анесова Камила және Ерғазы Әлібек ұйым қызметін жүйелеп, студенттік бастамалардың ауқымын кеңейтуге үлес қосты. 2023 – 2025 жылдары ұйымға Баисбеков Санжар



Муратович жетекшілік етсе, 2025 – 2026 жылдары «Union» Жоғарғы студенттік кеңесінің президенттері ретінде Көбенов Нұрдаулет пен Бауыржанқызы Арайлым қызмет атқаруда.

Алайда ұйым дамуының жаңа кезеңі 2023 – 2025 жылдары Баисбеков Санжар Муратовичтің президенттік қызметімен байланысты болды. Бұл кезең студенттік белсенділіктің артуымен, жаңа клубтардың ашылуымен және ауқымды жобалардың жүзеге асырылуымен ерекшеленді.

Баисбеков Санжар Муратович – Yessenov University-дің Тарих-23-1 оқу тобының студенті, университеттің қоғамдық өмірінде белсенділігімен танылған жас көшбасшылардың бірі.

Ол «Union» ұйымының президенті қызметімен қатар университет омбудсмені ретінде студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытында жұмыс жүргізді.



Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы клубының жетекшісі ретінде жастар арасындағы қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асырды. Санжардың қызметіндегі басты ерекшелік – студенттік бастамаларды нақты әлеуметтік жобаға айналдыра білуі. Оның жетекшілігі кезеңінде университетте жаңа студенттік клубтар ашылып, жастардың ғылыми, шығармашылық және мәдени әлеуетін дамытуға мүмкіндік жасалды.

2023 – 2025 жылдары «Union» ұйымының бастамасымен университетте бірнеше жаңа клуб құрылды. Олардың қатарында «Шаңырақ» болашақ ұстаздар ордасы, «Тұлға» ер жігіттер клубы, «Шабыт» ақындар клубы, «Шер» студенттік театры, «САТ» ғылыми клубы, «Гитара» және «Мобилография» клубтары бар. Аталған клубтар студенттердің шығармашылық, ғылыми және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған тұрақты орта қалыптастырды. Бұл бастамалар университеттегі студенттік өмірдің мазмұнын кеңейтіп, жастардың қоғамдық қатысу деңгейін арттыруға ықпал етті.

Баисбеков Санжардың жетекшілігі кезеңінде «Union» ұйымы аясында 100-ден астам мәдени, ғылыми, спорттық және зияткерлік іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында «Larylda» таныстырылым кеші, «YU PREMIA» жыл премиясы, «Rector Cup» және «Union Cup» футбол турнирлері, «Brain Rain» интеллектуалдық ойыны, «Tulga» ғылыми жоба байқауы, клубтар жәрмеңкесі және еріктілер акциялары ерекше маңызға ие болды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлерімен және Маңғыстау өңірінің



танымал тұлғаларымен кездесулер ұйымдастырылып, студенттердің қоғамдық дүниетанымын кеңейтуге жағдай жасалды. Аталған жобалар мен іс-шаралар университеттегі студенттік өмірдің мазмұнын байытып қана қоймай, жастардың қоғамдық белсенділігінің артуына және олардың шығармашылық әрі зияткерлік әлеуетінің дамуына ықпал етті.

Жеке жетістіктері және академиялық дамуы Санжардың көшбасшылық қабілеті оның жеке жетістіктері арқылы да айқын көрінеді. 2024 жылы ол «Қазақстан Республикасының жыл студенті» және «Маңғыстау облысының жыл студенті» атақтарына ие болды. Сондай-ақ облыстық «Brain Rain» интеллектуалдық ойынында бірінші орын, Батыс аймақтық «Мұғалім жұлдыздары» жайдарманында бірінші орын иеленді. Бұдан бөлек облыстық тарих олимпиадасында екінші орын, Қазақстан Білім Олимпиадасында және республикалық жоғары оқу орындары арасындағы тарих олимпиадасында үшінші орын алды. 2025 – 2026 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Польшада білім алуы оның халықаралық білім беру тәжірибесіне ұмтылысын және кәсіби дамуға деген қызығушылығын көрсетеді.

Қорытындылай келе. Баисбеков Санжардың «Union» ұйымындағы жетекшілік қызметі студенттік белсенділіктің азаматтық көшбасшылық деңгейіне дейін дамуының нақты үлгісі болып табылады. Оның президенттік кезеңінде ұйым қызметінің ауқымы кеңейіп, студенттік бастамаларды қолдау жүйесі жаңа деңгейге көтерілді.

Баисбеков Санжардың тәжірибесі студент жастардың университет өміріндегі рөлінің тек білім алумен шектелмейтінін, олардың қоғамдық өзгерістердің белсенді қатысушысы бола алатынын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда оның ұйымдастырушылық қызметі Yessenov University-дегі студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағаланады.